



ЖАҢА ЖЫЛ БЕРЕКЕЛІ БОЛСЫН!



Құттықтау

Жаңа 2023 жыл құтты болсын!

Құрметті қауым!

Қадірлі аудан тұрғындары!

Сіздерді әлем халықтарының ортақ қуанышына айналған Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз! Тағы бір жыл тарих қойнауына еніп, біз жаңа 2023 жылға қадам бастық. Өткен жыл еліміз үшін де, аудан үшін де табысты жыл болды. Елімізде болашағымызды айқындайтын, маңызды саяси науқан Қазақстан Республикасының Президенті сайлауы өтті. Сонымен қатар, республика бойынша жалпыхалықтық референдум өткізілді. Елордамыз Астана қаласынан бастау алған еліміздегі бірегей жоба «Ұлы дала жорығы» атты республикалық марафон-бәйгесі өтті. Марафон-бәйгеде Түркістан облысының намысын созақтық шабандоздар қорғап, жүлделі III орыннан көрінуін мақтанышпен айта аламыз. Шу, Қаратау ауылдық округтерінің құрылғанына 60 жыл және Аққолтық елді мекенінің құрылғанына 70 жыл толуына орай мерейтойлары аталып өтті. Сондай-ақ, 13 жыл аталмай кеткен Республика күні 25 қазан болып белгіленіп, ұлттық мереке ретінде қайта жаңғырды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың негізінде ауданымыздың да әлеуметтік-экономикалық маңызды мәселелері кезең-кезеңімен шешімін тауып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда белсенді жұмыстар атқарылды. Бұл жылы атқарылған жұмыстар ынтымағы мен бірлігі жарасқан ауданымыздың ерен еңбегінің жемісі деп білеміз. Біздің осы жетістіктеріміз алдағы жылда да еселене түсетініне кәміл сенеміз.

Құрметті жерлестер!

Жаңа жыл Сіздер үшін зор жетістіктерге қол жететін, арман-үміттер ақталатын жыл болсын. Еліміз үшін берекелі болып, барша шаңыраққа шуақты шаттық әкелсін! Еліміздің бірлігі мен татулығы бұзылмай, көк байрағымыз биікте желбірей берсін!

**Ізгі ниетпен,
М.ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі
Б.БАЙҒАРАЕВ,
аудандық мәслихат хатшысы.**



Президент жаңа заңдарға қол қойды



Бұл туралы Ақорданың ресми сайты хабарлады, деп жазады Egemen.kz.

«Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстанның Үкіметі арасындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды», делінген хабарламада.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстанның Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды.

Сонымен қатар Президент «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды.

Автонесие қуанышы

Биыл басталған жылдық 4 пайызбен автонесие беру бағдарламасы 2023 жылғы қаңтардың екінші жартысында қайта жалғасады. Жеңілдетілген несие беру жобасы револьверлік механизм негізінде жүзеге асырылмақ. Қазақстан даму банкі хабарлағандай, бағдарламаға қатысатын екінші деңгейлі банктер қазір қарызды ай сайын төлеп отырған тұрғындардан түскен төлемді жинақтап жатыр.

Екі бағдарлама бойынша 13 млрд теңге көлемінде қаражат жиналады, бұл кемінде 1 300 жаңа автонесие беруге жетеді.

«Азаматтарға ыңғайлы әрі әділ болу үшін және халықты көбірек қамту мақсатында қолданыстағы екі бағдарламаның үздік опциясы қолданылады. Бұл қаражат көзін біріктіріп, тұрғындардың елімізде шыққан жаңа автокөлікті бірыңғай және ашық ереже бойынша сатып алуына мүмкіндік береді», делінген Қазақстан даму банкінің хабарламасында.

Сондай-ақ орталықтан бақылауды қамтамасыз ету үшін бұдан былай бағдарлама бойынша қаражаттың бір ғана операторы ретінде Даму банкі қалдыру жоспарланып отыр. Қазір автонесие операторы – ҚДБ мен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ.

Банк таратқан ақпаратқа сүйенсек, 2022 жылғы 1 желтоқсанға дейін Қазақстанда банктер 14 мыңнан аса пайызы төмен несие мақұлдады, оның ішінде 12,5 мыңнан аса жаңа машина берілді. Автонесиенің орташа бағасы 7,8 млн теңге болды. Бағдарламаға Halyk Bank, ForteBank, «Банк ЦентрКредит» және «Еуразиялық банк» қатысып жатыр. Аталған банктерге алдын ала берген өтініші мақұлданған азаматтар көлігі келгенде несие рәсімдейді.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Еліміздегі ең танымал ипотека – «7-20-25» бағдарламасы 2029 жылға дейін жалғасады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Ұлттық банк осындай шешім қабылдады. Осылайша, көпшіліктің «тиімді бағдарлама жұмысын тоқтатпаса екен» деген тілегі орындалып отыр.

алған адам енді бұл бағдарламаға қатыса алмайды. Бұл тиімді ипотеканың шынымен мұқтаж азаматтарға берілуі үшін керек.

Сарапшы Айбар Олжаевтың пікіріне қарағанда, бағдарламаның жылдық лимиті коммерциялық нарықты бұзбайды. «Бұған дейін сарапшылардың көбі базалық

«7-20-25» бағдарламасы жалғасады



Бағдарламаның негізгі талаптары сақталғанымен, бірқатар өзгеріс те бар. Мәселен, қаржыландыруға лимит енгізілді. Енді бағдарламаға жылына 100 млрд теңге бөлінеді. Тиісінше, әділдік қағидатын сақтау үшін «7-20-25» ипотекасын тек бір рет алуға болады. Яғни бұған дейін «7-20-25»-пен баспана

мөлшерлеменің жоғарылығы жағдайында «7-20-25» секілді төмен мөлшерлемелі (мемлекет арқылы субсидияланатын) мемлекеттік бағдарламалардың нарықтық қарым-қатынастарды бұзып, банктердің коммерциялық ипотеканы дамытуына кедергі келтіретінін алға тартып келген еді. Енді «7-20-25» арқылы бір жылға берілетін 100 млрд теңге нарыққа анау айтқандай әсер ете алмайды. Өйткені бұл сома теңізге тамған тамшыдай ғана», деді ол.

2022 жылғы 22 желтоқсандағы жағдай бойынша «7-20-25» бағдарламасы аясында 852,2 млрд теңгеге 64 146 жеңілдетілген қарыз берілді. Бағдарлама 2018 жылы іске қосылған болатын.

«Қазақстанның жыл мұғалімі» атанған Ақнұр



ҚР Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен «Bilim-orkenietі Ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығы» ұйымдастыруымен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Жаңа Қазақстан; жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына арналған жолдауында айтылған басымдықтарды педагогтар арасында кеңінен насихаттау мақсатында «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЫЛ МҰҒАЛІМІ» атты республикалық байқауы өтті.

Республикалық жобаның мақсаты міндеті: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жаңа Қазақстан; жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына арналған жолдауын педагогтар арасында кеңінен насихаттау;

«Тәуелсіздік жылдары өз мамандығының хас шебері атанып, еліміздің

дамуына үлес қосып, жүрген педагогтарды кеңінен насихаттап тәжірибе алмасу.

Міне, осы байқауға Созақ ауданы Әлия Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің музыка пәні мұғалімі және қосымша білім беру педагогы Имашова Ақнұр Өтепбайқызы бақ сынап қатысты. Байқауға республика көлемінде 200-ден аса үміткерден өтініш түсті. Соның ішінде 100-ден аса ұстаздың жұмыстары қаралды. Міне осы байқауда осы аталған мектептің ұстазы Имашова Ақнұр Өтепбайқызы жүлделі 1-орын иегері атанып, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгімен марапатталды. Және әділ қазы шешімімен алғашқы бес үміткердің жұмысы жоғары дәрежеде екенін атап көрсетіп, Ақнұр Имашова арнайы номинациямен марапатталды. Қатысқан 100-ден аса ұстаздардың жұмыстары «Қазақстанның жыл мұғалімі» энциклопедиясына енді. Осындай додаға тәжірибиелі ұстаз қатыстырып, жүлделі орын алғаны үшін, Ә.Молдағұлова атындағы мектептің басшысы Бекқұлиев Төлепберген Нағиұлы «Bilim-orkenietі» ғылыми зерттеу орталығының арнайы Алғыс хатымен марапатталды.

Мақсат ЖЕҢІСУЛЫ.

Алғыс айтсам деп едім...

Күрделі отаны сәтті жасады

Басымыз ауырып, балтырымыз сыздаса ең әуелі ақ халатты абзал жандарды іздейміз. Өйткені адам жанының арашашысы дәрігерлер сырқат жанға ең бірінші көмекке келеді. Қолынан келген емін жасап, қасыңнан табылады.

«Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің» демекші жақында он екі жасар қызымыз Ертай Кәусар Нартайқызы қатты ауырып аудан орталығындағы ауруханаға алып келдік. Келген сәттен бастап аурухана дәрігерлері жылы қарсы алып, қолдарынан келген көмектерін жасады. Дәрігерлер ақылдаса келе қызымызға ота жасау керек деп шешті. Қызымыздың жанына ауру қатты батқаны сонша қиналып кетті. Ақ халатты абзал жандар жедел ота жасауға кірісті.

Білікті дәрігер Бүркіт Арынбеков ағамыз бастаған хирургтар Ерзат Асылбеков, Багдан Ысқақов, анестезиолог Бұзау Сәбит және анестезиолог Ербол Кәрімов, медбике Самира Шәмилова отаға тыңғылықты дайындалып, ұзаққа созылған отаны сәтті жасады. Ауырып келген қызымыз дәрігерлердің дәреметінің арқасында сырқатынан жазылып, өз-өзіне келе бастады. Жансақтау бөліміндегі анестезиолог, реаниматолог Еркебұлан Бексейіт, Өміртас Шәдібеков, Жансар Назароваға, сондай-ақ медбикелер Севил Халиловаға, Әбжаппарова Розаға алғыс айтқымыз келеді. Хирургия бөлімінің меңгерушісі Бижігіт Қасымқұлов пен емдеуші дәрігер Ерзат Асылбековке, сонымен бірге медбикелер Мей-

рамкүл, Сара, Гүлсана, Айткүлге көрсеткен көмектері үшін ризашылығымды жеткізсем деймін.

Жоғарыда есімдері аталған ақ халатты абзал жандардың анттарына адал екендігіне қызымды емдету барысында анық көз жеткіздім.

Жүрек жылуы мен өздерінің білімі мен біліктілігін аямай, сырқат жандарды емдеуге күш салып жүрген дәрігерлерге жүрек жарды рахметімді айтамын.

Есімі елге танымал дәрігер ағамыз Бүркіт Арынбеков бірнеше рет марапаттардың иегері. Ол Республика күні мерекесінде мемлекет басшысының Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленді. Шипагер 55 жыл бойы халықтың денсаулығы үшін қызмет көрсетуде. Зейнет жасында болса да әлі де еңбектен қол үзген жоқ. Көптеген күрделі оталарға қатысып, жастарға өзінің тәжірибесін үйретіп, отаның сәтті өтуіне үлес қосып келеді. Күнделікті ауруханаға келіп, қызымыздың жағдайын біліп, ақыл-кеңесін айтып, дәрігерлік дәреметін тигізуде. Ағамыздың дәрігерлік қызметіне дән ризамыз.

Осы жерде білікті дәрігер Бүркіт ағама ерекше алғысымды айтып, алдағы кезде де көпшіліктің алғысына бөленіп, құрмет пен абырой биігінен көріне беріңіз демекпін.

Аудан айнасы «Созақ үні» газеті арқылы ақ халатты абзал жандарды жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын.

Нартай ЕРТАЙҰЛЫ,
Қаратау ауылының тұрғыны.



Аудан әкімінің мектеп оқушыларына арналған жаңа жылдық мерекелік кеші өтті

28 желтоқсан күні аудан орталығындағы Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінде аудан бүлдіршіндеріне арналған «Қош келдің, жаңа жыл – жаңа белес, жаңа арман!» атты аудан әкімінің жаңа жылдық мерекесі өтті.

Мерекелік шарада аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков сөз сөйлеп, балаларды жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

«Біз санаулы күндерден соң аяқ басқалы отырған жаңа жылдан жақсылық пен жаңа жаңалықтар күтеміз. Еліміздің жарқын болашағы, ата-аналарыңның бақыты мен қуанышы да өздерің. Сондықтан да, әрқашан, ата-аналарыңды қуантыңыздар. Зерделі де зерек, білімді де білікті болыңыздар. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Президентіміз жастарға үміт артатынын,

келік шыршаның шамын жақты. Балаларға жаңа жылдық сыйлықтар табыстап, шат-шадыман қуаныш сыйлады.

Сонымен қатар, аудандық мәслихат хатшысы Бегімбет Байғараев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов жаңа жылдық шыршаға қатысқан ауданымыздың бүлдіршіндерін мерекемен құттықтап, оқуда озат, білімді, еліміздің дамуына үлес қосатын азаматтар болып өсе берулеріне тілектерін білдірді.

Шарада Аяз ата мен Ақшақар балалардың өнерін тамашалап, сыйлықтар табыстады. Балабақшада тәрбиеленуші балапандар әсем ән шырқап, би билеп мереке көркін кіргізді.

Мерекелік кештен соң оқушыларға арнайы дастархан жайылып, торттар кесіліп, түрлі тәттілер үлестірілді.

Айта кетейік, Нәзір Төреқұлов



өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасаудың қажеттілігін атады. Бүгінде жасампаз істердің барлығы сіздердің жарқын болашақтарыңыз үшін жасалуда. Қазіргі таңда Шолаққорған ауылындағы С.Қожанов атындағы ескі музей ғимараты балалар шығармашылық үйіне арналып күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде, жақын күндері пайдалануға беріледі. Келер жылда ұшқыр арман-қиялдарыңыз бен ақ тілек-ниеттеріңіз орындалсын,- деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы балалармен бірге мере-

атындағы ІТ мектеп-лицейінің фойесінде «Жаңа жыл» тақырыбына арналған көрме қойылып, мерекеге келген балаларды қуыршақтар күтіп алды. Мерекелік шараға ата-ана қамқорлығынан айрылған, көп балалы отбасынан шыққан, Халықаралық, республикалық, облыстық байқаулардың жеңімпаздары, «Балалар жылында» керемет жетістікке жете білген білімді, дарынды, талантты, өнерлі, үздік өнерпаз оқушылар қатысты.

«Созақ үні»-ақпарат.

Күн өткен сайын түрленіп келе жатқан аудан орталығы Шолаққорған ауылы көз тартар сәулетті жаңа ғимаратпен толыққанына да жыл толыпты. Өлке тарихынан сыр шертетін жәдігерлер мекені-С.Қожанов атындағы Созақ аудандық музейі жаңғырған келбетімен аудан орталығына сән беріп, Тәуелсіздік мерекесіне толымды тарту болып 2021 жылы 14 желтоқсанда келушілерге есігін айқара ашқан еді. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың 100 жылдығы мерейтойы құрметіне 1994 жылы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің №370-ші қаулысына сай тарихи-танымдық мақсатта ашылған музей жаңа



Наурызға арналған этнографиялық мереке, танымал суретші А.Байғараеваның көрмесі, журналист, қаламгер, С.Қожановтың жиені Г.Қоблановамен кездесу, қобызшы ұстаз А.Жүзбаеваның кеші, өлке журналистерімен жүздесулер тағылымы мол іс-шаралар болды. Түрлі деңгелек үстелдер музейдің жұмыс аясын кеңейтуге мүмкіндік берді. Музей түрлі қоғамдық ұйымдармен де қоғамдық қатынас орнатып, аудандық әйелдер кеңесі, ардагерлер кеңесі, Қ.Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестігімен бірге талай айтулы игі шараларды атқаруда. Музейдің халыққа жұмыс жасауына, ел игілігіне айналуына сол уақыттағы сенатор Қ.Айтахановтың, аудан

Жәдігерлер мекенінің жаңа дәуірі

ғимаратқа қоныс аударды.

Теріскейдің тарихқа тұнып тұрған топырағында бой көтерген, ұлттық руханиятты өрістетуге сүбелі үлес боларлықтай сәулетті музейдің маңызы зор. Фасырлар тереңінен тамыр тартатын Теріскей көне де киелі мекен, Қилы кезеңдер мен оқиғаларды өткерген Созақ елінің тарихы тағылымды, тәлімі ерек десек, көнеден сыр шертетін қазыналар ордасы- музей ендігі осынау шежірелі өлкені таныта түсуге сүбелі үлесін қосып келеді. Созақ ауданы-Түркістан облысының солтүстігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлік. Жерінің аумағы 41,0 мың км² (облыс жерінің 35,0%-ын қамтиды). Орталығы - Шолаққорған ауылы. Аудан 1928 жылы қаңтар айында мекендеген 6 болыс ел мен Жылыбұлақ болысы негізінде құрылды. Созақ ауданының тұрғындарының құрамы көп ұлтты. Халқының 91,02% астамы-қазақтар, қалғаны-өзбектер, орыстар және басқа ұлт өкілдері. Аудандағы ірі елді мекендер: Шолаққорған, Созақ, Теріскей, Таукент, Қыземшек, Шақырық, Қарақұр, Құмкент ауылдары. Ауылда қаракөл қойын, түйе, жылқы, биязы жүнді қой, етті-сүтті ірі қара, астық өндіруге маманданған 10 кеңшар болған. Олардың негізінде 329 шаруашылық нысаны құрылды: 8 өнеркәсіп нысаны, 321 агроқұрылым. Өнеркәсіп кәсіпорындары облыстағы тау-кен өндірісінің негізгі (87,5%) өндірушілері. Ауыл шаруашылығының жетекші саласы-ет, сүт өндіру болып табылады. Осынау қарышты қадамдардың әрбірі музей қорында хатталып, сақталып, ұрпақтан ұрпаққа мұра болса деген мақсатта жұмыстар жүргізіліп жатыр. Музей тек аудан тұрғындары келетін орын емес, басқа да қонақтар тамашалайтын орын. Музей экспозициясы арқылы келушілер Созақ ауданының тарихы мен мәдениетімен танысады. Музей залдарын әрлеуші суретші-дизайнерлер экспозициялық кеңістікте неғұрлым айқын формадағы архитектуралық-көркемдік үйлесім таба білген. Жоғарғы ауқымдағы идеямен архитектуралық-көркемдік деңгейге ие, қазіргі кезеңдегі технологияның мүмкіндіктерін экспозициялық кеңістікте кеңі-

нен пайдаланып, көшендік шешім жасалған. Экспозициялық кеңістікте Созақ ауданының табиғат диорамасы көрнекті орналасқан. Кіріспе бөлімде Созақ ауданының табиғи картасы ұсынылған: климаты, өсімдігі мен жануарлар дүниесі кең көлемде ұсынылып, келушілерге муляждар, суреттер түрінде мол мағлұмат береді. Созақ ауданының киелі орындары, кесенелер түсініктеме баннерлер, макет, фотолар арқылы кенінен сыр шертеді. Жарығы мол, кең залдың көрікті көрінісі келушіні бейжай қалдырмайды. Ұлтымыздың ұлы тұлғасы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері С.Қожановтың ғұмыр жолына арналған бас экспозицияда қайраткерлік өсуі деректі құжаттар, суреттер, әдебиеттер арқылы көрсетіліп, нақты деректермен толықтырылған. Көрнекті жерге қайраткердің жанхясы, туыс бауырларының суреттері қойылса, кейінгі сөрелерге қызмет бабындағы суреттері, құжаттарының көшірмелері қойылған. Шығармашылығына бір сөре арналған. Қызы Зиба Қожанованың Өзбекстан Республикасына және Мәскеуге жазған хаттары мен жауап хаттары ілінген. Созақ даласын жайлаған аштық жылдарында С.Қожановтың "Шүлен көже таратуы" да тарихи маңызды екені ақиқат. Бұл да экспозициядан көрнекті орын алған. С.Қожановтың есімі 1958 жылы ақталып, қазір бүкіл Орта Азия халықтары қадір тұтатын, үлкен қоғам қайраткері екендігі мойындалды. 1994 жылы қазақтың бес арыстарының бірі болып, туғанына 100 жыл толу мерекесі үлкен құрметпен аталып өтілді. Қазіргі таңда Шымкент, Түркістан қалаларында С.Қожановтың атымен көшелер, саябақтар, мектептер ашылған. Осының бәрі сөрелерде сөйлеп тұр. Екінші қабатта қазақтың тарихи кезеңдері де лайықты шешімін тауып, келушіге мол мағлұмат беретін экспонаттармен жасақталған, Мемлекетіміздің қилы кезеңдері, өлкеміздің өсу, өркендеу жолы деректері де мол қамтылған. Осы қабатта өзге экспонаттармен әдемі үйлескен киіз үй көз тартар көрнекті орында орналасып, қазақ тұрмысынан мол мағлұмат береді. Археология бөлімінде Созақ жерінен табылған балбалтас-

тар, таңбалы тастар да өлке тарихынан сыр шертеді. Созақ елі ҰОС 1941-1945 жылдарында, өлке әдебиеті мен өнер саңлақтары, айтулы тұлғалар жайлы арнайы стенділер, тағы басқа бағалы дүниелер арнайы сөрелерде келушілерге назарына ұсынылып келеді. Жыл бойына музей тынбай халыққа қызмет көрсетті. Музейді тамашалауға, өлке тарихымен танысуға тұрғындар лек-легімен келіп жатты. Мекемелер қызметкерлері, жеке топтар, сырттан келген қонақтар, тіпті өз үйіне келген қонақтарын «Біздің Созақта осындай музей бар» деп ерте келген тұрғындар да болды. Ал, жас-өспірімдер мен балалар өз алдына бөлек әңгіме. Биыл балалар жылы аясында бұларға музейге кіруге

әкімі М.Исаевтың, архитектор А.Нұрсейітовтің үлкен көмектері тиді. Ал музей жанашырлары ретінде М.Қарғабай, Г.Өмірбек, П.Сақтапбергәнұлы сияқты азаматтардың есімін атар едім.

Ең алдымен, музейдің тарихи-танымдық жұмыстарына басымдық беріліп келеді. Жуырда Шымкент қаласында Әл-Фараби ғылыми-әмбебап кітапханасында өткен, музейіміздің негізін қалаушы, тұңғыш директоры Д.Тұрантегіні еске алу кешін ұйымдастыруға белсене атсалысып, көшпелі көрме апарды. Атап көрсеткен іс-шаралар ауқымды жұмыстарымыздың бір парасы ғана. Талай ғасырдың куәгері көне мекен Созақтың шежіресінен сыр шер-



тегін болды. Экскурсиядан бөлек түрлі танымдық бағытта көптеген іс-шаралар да ұйымдастырылды. Ауған ардагерлерімен, өлкеміздің көп балалы аналарымен, еңбек ардагерлерімен өткізілген жаңа форматтағы кездесулер музейдің танымдық-тәрбиелік бағытына серпіліс тудырды. Мәдени-эстетикалық бағытта

тер жәдігерлер мекені жаңа ғимараттағы алғашқы жылын осылай атқарды. Алдымызда елге қызмет етудің ерен күндері тұр.

Ниязәлі ДҮЙСЕНБЕК,
С.Қожанов атындағы музейдің директоры.

Созақ тарихынан

Қарт Қаратаудың терістігін мекендеген елді Теріскей елі немесе Созақ елі деп атаған. Ол шығысында қазіргі Жамбыл облысының Сарысу ауданымен, батысында Қызылорда облысының



Жаңақорған ауданымен, терістігінде Жезқазған облысына дейін созылады. Созақ ауданының орталығы болып келген ескі Созақ қыстағы, (1934 жылдың тамыз айына дейін), түстігінде Қаратау жоталарымен қоршалса, терістігін Үшкөкше құмы орап өтеді. Қазіргі аудан орталығы Шолаққорған қыстағы Созақтың шығысында 70 шақырым жерде тұр. Бұл жерге аудан орталығы 1934 жылы тамыз айында көшіп келген.

Е.ӨМІРБЕКОВ,
«Шежірелі өлке» кітабынан.

ШАҒЫРЛЫ

Арқабай ауылдан жетпіс шақырым қашықтағы Шағырлыда тұрады. Қысы – жазы мекендейтін жері Шағырлыдан ешқайда ұзап шыққан емес. Бұл жаққа жеткіс шақырымға кім электр желісін тартып берсін? Май шамдан отырады. Осы қыстаудан тіке жол тартсаң кең даланы бұрғылап жатқан скважиналарға барасың. Айран, сүттіңді, майыңды апарсаң есесіне солярка алып қайтасың. Ұялы телефон деген атымен жоқ. Атпен таңертең ерте шықса, кешке дейін ауылдан артынып, тартынып апталық азық-түлігіңді әкеліп аласың. Балалар мектепке келесі жылы барады. Жеті жасқа толтырып бір-ақ бермекші. Қаланың балаларындай балмұздақ, чипсы-мипсы, кока-кола деген жоқ. Айран, сүт, қауынқас пен ірімшік, бесбармақ, кеспе

хан көңілді, ақ пейілді үй иесі қорадағы қойын жетектеп әкеліп, мейманынан баста сұрайды да бәсшімілесін айтып бауыздап, келіншегіне болысып басирағын үйітіп, мейманының алдына ас келгенше ел мен жердің жаңалығын сұрап, өзі тыңдай беруге құлықты екенін танытады. Мейлінше аз сөйлеп, көп тыңдағанды ұнатады. Ағайынның малына малына қоспауға тырысады. Туыстың қоспа малын жоғалтып алып, ағайындықты біржола шарт кесіскенше, “қоса алмаймын”-деп шындықты айтып қос аптаға дейін өкпелескенін тыныш көреді. Әу баста осы Шағырлыға келгенде елу шақты майда малы болды. Ешкімге тәуелді емес, мемлекеттен ешқандай қаржылай көмек, несие дегенді алған емес.

Арқабайды ешкім отыздағы жігіт деп



көже

ой-ла-майды.

Жап-жас.

Күнделікті

отын-су, қора-қопсы-

күнделікті жейтін асауқаты болған соң, тез таралып мектепке бармай жатып қораның ішін тазалауға, малға шөп салуға, өрістегі жылқыны айдап әкелуге, немесе былайша айтқанда қолқанаттыққа жарап қалыпты. Баяғыда әкесі совхозда шопан болып жүргенде түрлі радиоқабылдағыштарды 100 саулықтан пәленбай қозы алғаны үшін ұтып ала берген екен. Батерейсы болса болды күндіз-түні саңқылдап тұр. Күнделікті сотка, теледидар дегенді көріп шаршамаған Арқабайдың отты жанары қиядағы қыбырлаған тірі жанды қырандай шалады. Көзі көргіш, құлағы естігіш. Үйленгеніне он жылға жеткен жоқ. Бірақ олардың алты баласы бар. Осы күнге дейін үйіне келген аттылы кісіні қонақ етпей жіберген емес.

Таза қазақы мінез, дар-

Желтоқсан айының аяққы аптасы болатын. Ол уақыттың есімде қалғаны көкем сабақтың аяқталуын күтпей Мақсұт пен Сәуірбекті қыстауға алып кететін болды. Мектеп директорына кіріп сөйлескен екен, класс жетекшілеріне сілтепті. Көкем бұрын осы мектепте жұмыс істеген, бәрін таниды дегендей рұқсат алып шығыпты. Тек біздің Ханзада апай көкемнің дегеніне көнбепті. Сол себепті мен қыстауға сол соңғы аптада жеттім.

Шағырлы! Шағырлының даласы әппақ болып күнмен



ішіндегі қалың қойдың ішінен табылғаны кейін сол қойшылар қыстаудан тауға қарай сақман қораға көшкенше ешқайда кетпей, бүкіл көшті өзі шығарып салғаны туралы әңгіме болды. Мынау ақ қоян араға осынша уақыт салып қайта келуі сәйкестік пе, жоқ әлде әлгі Шағырлыда осы қояндардың жымы болды ма екен? - деп қойшылар бұл құпияның мәнісін біле алмай түн ортасына дейін даудырап жатты.

Ит мінген, есек өңгерген, түйе айдаған, есек құйрық,

АҚ ҚОЯН

шағылысып көз аштырмайды. Әсіресе, таңертең қола, қараңғылау қос бөлмелі шопанның жатаған үйінен шыққанда біршама уақытқа дейін жарықтық ақ күмісті алап көз қариды.

Таңертең ерте көкем малды өзі бағып кеткен. Қазір ғана хйқыдан тұрып, беті қолын жуып-шайынып алған Ғалым ағам шайға отырды. Көкемді ауыстырып бір отар малды кешке дейін жайып қайтатын көмекші шопан осы кісі. Әлден уақытта қораның көнес бетінен екі танауынан бу атқылаған, қаңтарулы қара төбелді мінген көмекші шопан Қаражарды бетке алды. Бұл біздің иеліктегі бір отар қойдың жайылымы. Мына шеті Көлшік, мына шеті құмның етегін шашырай жайылып қыстауды айнала өреді. Енді шашырай жайылғанда сонау алапты жаба шашырау қайда?! Ит-құс деген іргеден шыға келеді. Үйде мылтық дегенде бір ғана он алтыншы калибрлі мылтық. Оғын, оның ішіне салатын қорғасынын Ғалым ағамның өзі дайындайды. Оны дайындаудың өзі бізге таңсық. Ағамның айналасына отырып аламыз. Әр қалташасын бір ақтарып, асқан ептілікпен оқшантайын оқтап жатқан ағамның қимылы мен әрекетіне қызыға қараймыз. Ағам бір маңызды жұмыс істеп жатқандай бізге үлкендік, ағалық кейіп танытады. Малды үйге қарай тіке қап-татқан ағам өзі малдың алдында келеді. Кешкілік жемі мен жылы қорасына асыққан отар құдықтағы суға да бөгелместен тіке қораға келіп кіреді.

Күндегі тірлік осылай күн сайын қайталан берсе әрбір нәрсе есте қалмас та еді. Бұл әңгіме жазылмаста еді.

Ертеңгілік күндегідей көкем шайын, таңғы асын ішіп-жеп шыққанша Мақсұт екеуіміз малды өріске шығармаққа қораға келдік. Күндегідей емес мал өре түрегеліп, әлденеден үріккендей ортаға ошарыла біресе маған, біресе жабық қораның үңірейген есігіне жалтақ-жалтақ қарап қояды. Біздің ойымызға дереу жаман ой келді.

-Мақ, көкемдерге айт! Қорада ит-құс жүр дедім. Артынша апыр-топыр қолына он алтысын алған көкем мен Ғалым ағам да жетті.

Қораның артқы бетінде малдың қиын тастайтын терезе болатын. Ол тек қораны тазалайтын кезде ғана ашылады. Қалған уақытта жабық. Сол терезенің тас бастырған киіз жақтауын ашып, ит-құсты жайратып салуға кеткен ағам бір кезде қораның ішінен шығып келеді. Қолында аппақ қояны бар. Үй ішімізбен таңқалдық. Қыстың қаһарлы аязды желтоқсаны, айдала, қоян асырайтын адам да жоқ. Қолға үйретілген қоян сияқты. Жуас, адамнан үркіп қорқуды білмейтін бұл қоян қайдан тап болды? Бәріміз аң-таңбыз. Аппақ қоянды үйге әкеліп, алдына туралған көк жоңышқа, жылы су, кәдуілгі өзіне тән азық саналатын сәбізіне дейін қойдық. Өзі бұрыннан адам жатырмайтын, бейне бір үй қояны сияқты бізге жалтақ-жалтақ қарайды. Сүйкімді тіршілік иесі бізге тура бір үй жануары ит пен мысықтан да жақын тартып кетті.

Күндіз есіктің алдына шықса, әншейінде қоян мен түлкі десе іле кетуге дайын тұратын Лашын мен Желқұйын да ақ қоянға тигісі жоқ. Қайта үйден алысырақ ұзай бастаса қыңсылап, дегбірсізденіп арагидік «қоян үйден ұзап бара жатыр!» дегендей құйрығын бұлғаңдата үріп-үріп алатын. Иттің «қайт!» дегенін сезген ақ қоян үйге қарай дөңгелене қаңбақтай жүгіре жөнелетін. Түн баласы күндіз алдына салған сәбізді қатырлата кеміріп, үй ішінде ары-бері жүріп ұйықтамайды өзгеге де ұйқы бермейді.

Қой ауылды басып өтетін жолаушылар болсын, дәмдес, тұздас, әріптес шопандар болсын жабайы қоянды қолға қалай үйретіп алғанымызды сұрайды. Біз қоянды қалай тауып алғанымызды бастан аяқ айтып берсек те жүзімізге сұраулы жүзбен қараған кісілердің аса қатты сенбей тұрғанын байқаушы едік.

Көлшіктегі шопандардың қысқы соғым кезіндегі бас қосуы басталды. Дастарқан басында бұл қоянның тура өзі болмаса да осыдан 5-6 жыл бұрын басқа бір сұршыл тарғыл түсті түрі болғаны әңгімеге тұздық болды.

Тұра осы ақ қоян сияқты Шардарбек деген қарияның мал қорасынан, қора

түйе ерін, ит сирақ, бұғы құйрық, ит табан, есек құлақ-бұл бір қоянның бойынан табылатын бүкіл жануарлар жиынтығы. Атам бұрын қоян туралы әңгіме немесе қоянға қатысты деректер жайлы айтпайтын. Осы қоянның айтпайтын, біздің қойлы ауылға аяқ асты тап болуы алғашқыда бір тосын жаңалық болса, біртіндеп үйрене бастағандаймыз. Тек апам ғана; -Тоба, айдала қораға келіп, адамға өзі өздiгiнен ұстата салған не қоян!-деп таң қалуын жасырмады. Кешкісін теледидар, радио, бүгінгідей бір-біреуден ұстап, жабысып жата қалатын ұялы-телефон жоқ. Басымыз қосылып жұмбақ айтып жарысамыз.

«Келеді бір перизат-итке мінген, таяғын итке мініп теплеген. Артында жетелеген ешкісі бар. Ешкіні итке артып жетелеген»-деген апамның жұмбағын табу әсте қиын.

«Байшағырдың түбінде балалап жатқан дуадақ», «бір мақұлық сар даланы ен жайлаған, ит мініп, есек жетек, түйе айдаған, мұнымды зерек болса іздеп табар, тапқанша орғып-орғып жыл айнарлар»-деген қоянға қатысты жұмбақтар жасырады.

Бар ермегіміз қыстай қоян болды. Бір жолы қоян түнімен асхананы тінтікілеп, тақырлатып аралап шықты. Таңертең апам; -Қоян ет жейді дейтін еді бұрынғылар. Расында қоян ет жейді екен,-деді. Үлкен-үлкен көрсен мен ағаш астауға салынған сүр еттің қоян жұлма-жұлмасын шығарыпты.

Сол жылы қой ауылға қаражардан Әлихан қария сиырын іздеп жүріп соғып өтті.

Дастархан басында биылғы жыл қоян жылы екенін, қоян жылының халыққа жайлы болатынын әңгімеледі. Қоян деген жарықтық алдымен жорғалайды, артынан күш алады. Құйрығынан құлағы ұзын, күні бұрын не боларын естіп елеңдеп жүреді. Жылжылы, жазы-жауынды, қысы қарлы боранды болады. Сол себепті алдын-ала қамданыңдар дегенді, секіре орғып жүру мағынасымен түсіндіреді,-деді-көпті көрген Әлихан қарт.

Расында сол жылы бір әулеттен жеті келін перзент сүйіп, ауыл, ел-жұрт тоқшылыққа кенелді.



Арланның айыбы

Арқабайдың үйі тура ауыл әкімінің үйінің қарсы қапталында орналасқан. Арагідік Арқабай жұмысқа барып немесе қайтар жолда әкіммен кездесіп қалады. Өзге жақтан көшіп келген ауыл әкімінің жүзі Арқабайға сұсты көрінді. Алайда амандасуы жақсы. Арқабай күндегісінше бүгін де жұмыстан кештеу шығып үйіне келе жатқан болатын. Бір кезде қайдан тап болғаны белгісіз бір нән қасқыр-ит тарпа бас салды. Екеуі арпалыса кетті. Кәдімгі дәу ойыншық аюдан аумайтын денелі төбеттің май басқан денесі қопалаң-қопалаң, дір-дір етеді. Бірақ батырып жатқан тісі жоқ. Бір сәтте сасып қалған Арқабай иттің кеудесінен итеріп қалғанда байқағаны өзіне бас салған ауыл әкімінің иті екен. Жерден тас-пас алып қорқытпақ болған әрекетінен қаймығатын ол жоқ. Қайта шегініп келіп бар денесімен бассалмақ болған сәтінде Арқабайдың өз иті Арлан жетіп келді де әлгі тайыншадай қасқыр-иттің алқымынан ала сүйрей жөнелді. Ойпыр-ай, кішкентайынан асы-



раған шағын денелі Арланның мұншалықты ашуланғанын, тұла бойы толған күші барын бұрын-соңды көрмеген Арқабай әп-сәтте абдырап қалды да денесін қан жуып кеткен әкімнің итіне арашаға ұмтылды. Бір кезде зорға дегенде екеуін ажыратып алған Арқабай әкімнің итін әулірімдеп ауласына кіргізіп жіберді. Әп сәтте зор іс тындырып, иесін қасқыр-иттен құтқарып қалған Арлан иесінен

мақтау естіп, басынан сипап еркелетініне нық сеніп Арқабайдың қасына келгенде кенеттен басына таяқ сарт ете қалды.

«Өй, оңбаған, басқа талайтын ит құрып қалғандай әкімнің итінде нең бар! Жоқ әлде мені жұмыстан шығартып құртпақпысың? Мен жұмыстан кетсем үйдегілердің халі не болмақ? Өзіңдікі не болмақ? Ішерге ас, киерге киім таппай қалсам, саған жуындыны қайдан табамын? Соны ойладың ба ақымақ!»-деп екінші мәрте таяғымен қақ басынан тартып жібергенде Арлан байғұс үйшігіне зып берді. Иесіне адалдық танытқан иттің не жазығы бар еді? Кейде адамдардың арасында адалдыққа қиянат жасалып, сол қиянаттың құрбаны болған сәтте жанында қоярға жер таппасың анық. Түнімен шамы жанып тұрған бөлменің терезесінен көзін алмаған шынжырдағы Арлан шынында «адамдар арасындағы заңдылықтан» хабарсыз қалды түкке түсінбеген еді.

ШЫРША

Арқабай банкоматтан айлығын түгелімен алды. Бұрындары 5-10 мың теңгесін шақыртқыға қалдырып қоятын. Бұл жолы теңгелерін түгелімен алған себебі Жаңа жылға қажетті заттар алмақ ниетте еді.

Базардың алды ығы-жығы халық, бір бұрышта торт сатылуда, әне анау тұста ойыншықтар, шампан шараны, балалардың түнде ататын от шашулары, әйтеуір жұрт жаңа жылды құрметті қонағындай қарсы алуға барынша қам-қарекеттенуде. Арқабай еттің бағасын көре кетейін деп ішке кірген сәтінде әлденеге таласа даурыққан топты көрді. Байқаса шырша сатылып жатыр екен. Бұл да арпалыса даурыққан топқа қойып кетті. Әлден уақытта өзінің бойындай шыршаны ұстап шықты. Қалада оқу оқып жүрген балаларым қуанып қалатын болды деп, үйіне асыға жөнелді. Үйіне алып келе салысымен жұбайы екеуі үйде жатқан түрлі салпыншақ ойыншықтарды іліп, әп-сәтте шыршаны сәндеп тастады. Аядай ғана бөлменің ортасын алған шырша осылай Арқабайдың шаңырағына Жаңа жылдан екі апта бұрын орналасып алды.

Алғашқыда кешке жұмыстан келгенде құлпыра төгілген шырша Арқабайдың көңілін көтеріп, жан дүниесін мерекелік күнге бөлейтін. Айтұлы күн де жақындады. Қаладағы балалар да келді. Үй іші думанға толып, дәмге толы дастархан басы қуанышқа кенелді. Жымың қаққан Арқабай шырша орналасқан бөлмені балаларына қуана көрсетті. Алайда ұлдары Сұлтан мен Әлихан қуанудың орнына әкесіне аңтарыла қарады.

«Әке шыршаны не үшін алдыңыз?»

«Балаларым-ау жаңа жыл емес пе?!»

«Әке, расында байыбына жетіп, тереңіне үңілмегендіктен кезінде шыршаны қуана тіктік, әрледік, шаттана әндетіп шыр айналдық. Бүгінде Тәуелсізбіз, өреміз өзгерді, санамыз жаңарды. Ұлтымызда жаңа жыл біреу ғана екенін білдік. Ол Наурыз мерекесі, ол мерекеде біз, яғни мұсылман халқы, оның ішінде қазақ халқы тал егеді, көшет отырғызады. Ондағы мақсат көгерейік, өсейік, өнейік дейді. Ұрпағымыз жемісін жесін, күн ыстықта көлеңкесін саяласын, суықта дінін паналасын дейді.»

Ал бұл жаңа жылда өсіп тұрған көкпеңбек шыршаны балталап шауып әкелеміз. Көгерген өсімдіктің обалына қалады. Тамыры шабылып мұңға батып, қасіретке ұрынған шырша кімге қандай бақыт тілейді, қуаныш сыйлайды. Қандай алғыс, ақ тілек айтады,- деді.

Осы сәтте Арқабайдың көз алдына бөлме ортасындағы шырша қайыса егіліп, жылап тұрғандай болды. Арқабай осы өмір сүрген қырық жеті жыл ішінде, қырық рет жаңа жылды қарсы алып тұрып шырша туралы қырық секунд ойланбағанына өзі таң қалды.

Ол жаны жаралы шыршадан қалай құтыларын білмеді.

**Беттерді дайындаған:
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**



Абыройсыз атақ

Арқабайға хат келді. Қайдан дейсіз бе? Рес-ей-ден! Түрлі-түсті жылтыраған конверт көздің жауын алардай жалт-жұлт етеді. Арқабай ашқанша асық. Арқабай ауылда жүріп қорасының әр бұрышында селтиіп тұратын бес-алты ешкісін сойысқа да, той-томалаққа атамстан көбейте жүріп қораны ешкіге толтырды. Осы қорасы ешкіге толғалы Аркош деген кличкасы Арекеге айналды. Қай үйге бармасын «Ареке!», «жоғары шығыңыз Ареке!», «Басты Арекең алды ма» деген сөзді жиі еститін еді. Енді міне, көзі бұрын соңды көрмеген, қолына ұстамаған жып-жылтыр конверт келіп тұр. Адресі де алыстан мен мұңдалай «Слава Героя» деп ұрандап тұр.

Конвертті ашқан Арқабай екі көзі шарасынан шыға айқай салды. Сусұлу! Кел мұнда!

Иә, Арқабайдың үйінде екі-үш күн той болды. Арекеңді Ресейдің бір қаласы өздеріне батыр етіп алыпты. Нақтырақ түсіндіре әңгімелесем, хатта былай деп жазылыпты.

«Құрметті бейтаныс жан! Біз сізді аса жоғары құрметтейміз. Сіздің өз еліңіздің экономикасына қосып жатқан зор үлесіңізді сырттай білеміз. Сіз жыл сайын өз бизнесіңізді дамытып қыруар пайдаға кенелтіп, өзіңізді де, ауылыңызды да өркендетіп жатыр екенсіз. Біз сізге «Ресей өлкесінің Құрметті батыры» атағына ұсынып жатырмыз. Атақтың жарнасы 200 мың теңге тұрады. Сіз дереу алатын атағыңыздың ақшасын «Слава Героя» фирмасының шотына аударуыңызды сұраймыз. Лайықты атағыңыз құтты болсын! Құрметпен фирма өкілі Хитриев» деп жазыпты.

Арқабай күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалды. Қорадағы ешкілерін сатып ақшасын әлгі аталмыш шотқа салғалы бір айға жуықтады. Арада ай жарым уақыт өткенде көптен күткен атақ та келді-ау. Шағын ғана қорапшаны ашқанда ішінен ересек адамның алақанындай жұқа қаңылтыр шықты. Беті әдемілеп тұрып безендірілген екен. Ортасында екі басты самұрық құс қанатын жайып тұр. Айналасы дөңгеленіп «Ресей өлкесінің Құрметті батыры» деген жазу жиекті көмкере ойылып жазылған екен. Ал жуыс басталды. Келімді-кетімді адамы да үзілместен апта соңында соңғы ешкінің соңғы борбайы да қазанға түсті. Арада тағы да ай өткенде қора толғы ешкісінен айырылып, қарызға белшесінен батқан Арқабай төріне іліп қойған жылтырақ темірді далаға бір-ақ атты. Жалған атақ Арқабайды ақыры осылай орға омақаса құлатқан еді.

Алматы, Москва!

Созақ өңірінде Тұрсынбай деген әзілқой кісі бар. Сонау 80 жылдардың басында елге пультпен басқарылатын теледидар алғаш келе бастаған

дейді. Тұрсекең сол қолымен білдіртпей пультті басып, оң қолын көлденең сермеп қалып: «Алматы!» десе Алматы арнасын, одан сәлден соң «Моск-



кез. Оған дейін қара-ала түсті тек қолмен бұрап ауыстыратын теледидар болды. Оның өзі барлық үйде бола бермейтін. Алайда осы елге таңсық теледидарға Тұрсекеңнің де бір күні қолы жетеді. Содан Тұрсекеңнің үйіне бір құрдасы келе қалады. Тұрсекең шәй үстінде:

«Е, Пәленшеке, мына теледидары сатып алдым, керемет екен. Қолды былай сермеп қалып, каналыңның атын ата-саң болды ауыстырыла салады дейді. Құрдасы:-кәне, ауыстыршы,-

ва!» десе Мәскеу арнасы сарнап ала жөнеледі.


Құрдасы:-Ойпыр-ай, Тұрсеке естімеген елде көп мынау нағыз керемет екен!,- деп таңқала түседі.

Тұрсекең:-Сен отыра бер, мен тысқа шығып келейін, деп Тұрсекең тысқа шыққан болып, ақырын есіктің қаптарысынан сығалап қарап тұрса құрдасы теледидарға қарсы отырып алып қолын олай-да бұлай да сермеп «Алматы!», «Москва!» деп жатыр дейді. Тұрсекеңді еріксіз күлкі буып шек-сілесі қата күле беріпті.

Құттықтау!

Күлімдеп алдымызда жүре берші

Құрметті Талас Қалдыбиев! 63 жасқа толған мерейтойыңмен шын жүректен құттықтаймын! Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты сені мағыналы ғұмырыңның биік бір белесі – 63 жасқа алып жетті. Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы пайғамбар жастың орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Міне, ортамызда аман-есен алтыншы асқардың шыңына қол созып отырсың. Сені мерейтойыңмен құттықтай отырып, Өзіңе зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңа амандық тілеймін! Саған әрдайым мықты денсаулық, еңбегіңе толағай табыс тілеймін. Әр күнің шуақты, денсаулығың қуатты болсын! Егеменді еліміздің игілігі, мұрат мүддесі жолында биік белестерден көріне бергейсің!



Әрбір белес, әрбір асу, ол – бір із, Қашанда да жақсылыққа сендіңіз. Өмір-жолда ұрпақтарға үлгі бол, Міне, Сіз де 63-ке келдіңіз.

Ізгі ниетпен құттықтаушы: Бауыры - Жарас.

Ағымдағы жылдың желтоқсан айының 16-18 жылдызы аралығында Алматы қаласы «ЦСКА» спорт орталығында Панкратионнан (традишн және элит бөлімдері) бойынша (балалар, жасөспірімдер, кадеттер, жастар және ересектер арасында) Алматы қаласының чемпионаты болып өтті. Жарыстың мақсаты Алматы қаласында панкратион спорт түрін дәріптеу және ондан ары дамыту. Салмақ категориялары бойынша мықты спортшыларды анықтау. Белсенді және салауатты өмір салтын насихаттау.



Жерлесіміз жеңімпаз болып оралды

Спортшылардың спорт шеберліктерін арттыру. Панкратион бойынша мықты спортшыларды анықтау болып табылады. Аталған жарысқа ауданымыздан (элит)

бөлімі бойынша 62 кг салмақта өнер көрсеткен Бейсенбі Қадір II орын иеленді. Айта кететіні М.Қиясбаев шәкірттері биылғы жылғы Республикалық бірнеше жа-

рыстардың жүлдегері атанып үлгерді. Алдағы уақытта еліміздің көк байрағын әлемге танытады деген сенімдеміз.

«Созақ үні»-ақпарат.

Дала кезіп мал бағып, аң аулаған қазақтардың айналып өте алмайтын тағы бір тақырыбы бар. Ол – Қасқыр. Қасқыр деп тікелей жеткізбей «Ит-құс» деп жанамалай айтысады. «Жиен – жиендік жасады» деп те айтады. Атын атаса «күшейіп, мысы басады» деп санайды. «Қасқырдың қырық атауы, түйенің отыз атауы бар» дегенде әбден рас сөз. Жыртқыш, тұз тағысының түрлі атауын қолдана отырып әңгімелейді. Қасқырдың күшігін «Бөлірік» десе, жас қасқырды «Бөрі» дейді. Ұрғашысының «Құртқа», «Өлекшін», Қаншық» деген атаулары бар. Ал, еркегін, «Арлан» десе, топ басшысын «Көкжал», «Абадан» деп атаған. Қаншықты «Өлекшін» атауы өлермен деген мағынада айтылған. Өйткені бөліріктерінен айырылған Қаншық кек қайтару жолында айқасып өледі не болмаса тамақ жемей құсадан өледі. Мұндай әңгіме болғанда кеткен малдың шығынынан гөрі қырғын салған бөрінің айлакер, қайсарлығын тамсана айтысады. Қазақ өзіне адал болған итті ДОС санайды. Әрі жеті қазының біріне жатқызыды. Солай бола тұра не нәрсенің жаманын итке теңейді. «Иттік жасадың» деп ренжіп те жатады. Бірақ астындағы жалғыз атын жеп кетсе де Қасқырды жамандамайды. Керсінше жігіттің жүректісін, қайсарлығын қасқырдың көкжалына теңеп жатады. «Түгел түркі түбің бір, түп атаңыз көкбөрі» деп, бөрі сөзін қастерлей айтысады.

–Қасқыр өте айлакер, жыртқыш аң, – деп бастайды қария әңгімесін. –Бірақ оның айласы түлкінікіндей сасық қулық емес, – деп жақсы мен жаманның аражігін аша сөйлейді. – Қасқыр қасындағы көршіге қастық қылмайды. Жемтігін алыстан іздейді. Нағыз қасқырдың абаданы өлексе жемейді. Азулымен бетпестей айқасады, аяқтыны аңдып алады.

Қыс мезгілі еді. Мына өзіміздің Таушағаның өзенін өрлей жүре отырып сол жақ қапталдағы кезге шықпақ болдым. Биік кезге таяғанымда бір қасқыр жер астынан шыққандай пайда бола кетті де, жалт беріп қаша жөнелді. Қолымда қаруым жоқ

Аңшының әңгімесі

ҚАСҚЫР



болған соң қалың қарда омылап соңынан қуғым келмеді. Кездің үстіндегі әлгі қасқырдың шыққан жерін барып көрсем қалың қарға көміліп жатқан екен. Айнала іздерінен өздері бірнешеу болғанын байқадым. Енді бір сәлдесін қарасам төменгі жақтан тасырлай жүгірген бір топ арқар мен тұрған кезге қарай салып келеді. Соңында екі қасқыр қуып келеді. Мен кезден жылыстап аулақтау тасаға тығылдым. Арқарлар мен тұрған кезден асып өтіп қарсы беттегі биік тауға тікесінен салды. Қасқырлар одан әрі қумады. Кері бұрылып кетті. Сырттарынан дүрбі салып бақылай бастадым. Таудың қарсы бетінен үшінші

қасқыр шығып бұларға келіп қосылды. Бұл әлгі менен қашқан қасқыр болса керек. Енді арқарды қуған екі қасқыр әлгіні жабылып талай бастады. Алыстан бақылап тұрған мен жағдайды сонда барып түсіндім. Бұлар мен шыққан кезге бір қасқырды қармен көміп кеткен болып шықты. Қалған екеуі арқарларды қақпайлап кезге қарай қуады. Сол кезде қар астындағы қасқыр атып шығып біреуін басып қалады. Әлгі қасқырдың талануы жоспарлары жүзеге аспай қалғандықтан болса керек. «Орыныңнан неге кеттің» дегендей ашумен талаған болар.

– Ойпырмайдың айласы аңшы адамнан несі кем, – деп таңдана

таңдай қағысып жатады естіген ел.

Бұл, алқа қотан отырған ақсақалдар әңгімесінің бір қайырымы ғана. Одан әрі ел тағдырына қатысты өзекті мәселелер де толғанады. Сол уақыттағы ел билігінің іс-әрекеттері, соғысқа дейінгі, одан бергі қазақтың көрген қиыншылықтары жайлы да күңірене айтысады. Алдағы қысты жазғы шілдемен салыстыра отырып болжайды. Киіктердің күйекке түсетін уақытымен (киіктің матауы) есептеп көктемдегі «Құралайдың салқыны» болар күнді де дөп басып айтып отырады. Шаруаларын да жаңа айдың туысына қарай қамдайды. Ақпан айының «бөрі сырғақ» аталатын боранды күндерінде қасқырлар ұйғады. Наурыз айы келгенмен «әлі бес қонақтың суығы бар» деп сақтанып отырады. «Отамалы өтпей мал отқа тойынбайды» дегенді де айтады. Сәуір айының ортасы ауа найзағай жарқылдаса «Қызырдың қамшысы шартылдады, қыс кетті» деп есептейді. «Жылқы пысқырына жаңбыр жауады» деп астындағы атына қарап-ақ күн райын болжай береді.

Енді ойлап қарасам сол кісілер нағыз кеудесі шежіреге толған көне көздер екен-ау деймін. Ой толғамы орамды, айтар сөзі салмақты, пайымы парасатты. Әңгіме айту мәнерінің өзі қандай керемет!? Аспай-төкпей, кәнігі жүрдек аттай біркелкі сыдыртып отырады ғой. Тап-таза көкірек көзден бұрқылдаған қара сөздің қайнар бұлағы дерсің. Бір айтқан әңгімені екінші қайталамайды. Таңды таңға ұрғанда тыңдаудан бір жалықпассың.

Айдар ТЕМІРБЕКҰЛЫ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
**161000, Шолақорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3700 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.